

**Байғанин ауданының Қоғамдық кеңесінің отырысының
№3 хаттамасы**

2023 жыл «28» сәуір

Қарауылкелді ауылы

Отырысқа шақырылғандар: Байғанин ауданы Қоғамдық кеңесінің мүшелері. Қатысты – 6 адам, сонымен қатар отырысқа аудандық депутаттар, Қарауылкелді ауылдық округ әкімі Ж.Абитов, Аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Р.Обаев, Аудандық полиция бөлімінің орынбасары М.Ахметов қатысты.

Күн тәртібінде:

1. Қарауылкелді ауылындағы тазалық мәселесі және ауыл жанындағы күл-қоқыс полигоны, түнгі жарық нүктелерін көбейту мәселелері туралы және «Ауыл аманаты» жобасы жөніндегі мәселелер туралы
2. «Байғанин аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімі» ММ-нің атқарған жұмыстары туралы және «Ауыл аманат» жобасы жөніндегі мәселелер туралы
3. Аудан бойынша құқық бұзушылық пен қылмысты алдын алу және мал ұрлығы жөнінде атқарған жұмыстары туралы

Б.Тажімұратов

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері! Бүгінгі отырысқа Қоғамдық кеңестің 11 мүшесінен 6 мүшесі қатысып отыр. Күн тәртібінде қаралып жатқан мәселе бойынша сөз Аудандық полиция бөлімінің орынбасары М.Ахметовке беріледі.

Тыңдалды: Аудандық полиция бөлімінің орынбасары М.Ахметовтың баяндамасы. *(баяндама қоса жалғанды)*

Баяндамашыға сұрақ бола ма?

Сұрақ – Ускинов Н.: Т.Жармағамбетов атындағы орта мектеп қасындағы машина жүретін жолға кедір-бұдыр салу керек және көшедегі белгілер жөнінде айтсаңыз?

Жауап: Бұрында ауылдағы жылдамдықты реттейтін радар болды, ал қазір ол құрылғыны алып тастады, өйткені тұрғындардың барлығы шағым тастап, қарсы болды. Жолға жауапты атқарушы орган бар, біз сол жаққа жолдаймыз, мысалы: жол оқиғасын болдырмау үшін жасанды кедір-бұдыр керектігі жөнінде тізім жібереміз.

Сұрақ – Аманжолұлы М.: Көліктер жаяу жүргінші жолында да кейде тұрады, кейде тұрмайды, неге тоқтамайды?

Жауап: Ондай кезде сіздер суретке түсіріп алыңыз да, бізге жіберіңіз сосын шарасын аламыз.

Тыңдалды: Қарауылкелді ауылдық округі әкімі Ж.Абитовтың баяндамасы тыңдалды *(баяндама қоса жалғанды)*

Баяндамашыға сұрақ бола ма?

Сұрақ –Изтурғанов Қ: №2 мектептің тұсына көшеге демеушілікпен жарық фонарын қондырып берген болатынмын, енді сол жарық неге көшеге емес мектептің ауласына түсіп тұр, мектептің балансы сіздерге қарайды екен, ақшаны сіздер бөледі екенсіздер, ол қалай?

Жауап: я біз қараймыз, жарық фонарлары мектепке түссе, енді көше жаққа қаратамыз.

Сұрақ-Дауылбаев М: Аудан басына 22 қоқыс контейнер аз емеспе?

Жауап: ауданға 22 қоқыс контейнері аз болғандықтан, 12 қоқыс контейнерге тапсырыс беріп қойдық.

Сұрақ –Изтурғанов Қ: С.Жиенбаев пен Ешбаев көшелерінде лас су төгетін жер жоқ екен, соның шешімі қалай?

Жауап: цистерна қоятын шығармыз.

Тыңдалды: Аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Р.Обаевтың баяндамасы тыңдалды.(Баяндама қоса жалғанды)

Сұрақ –Изтурғанов Қ: Жетіспейтін инфрақұрылым тарту жөнінде жәрдем алған қанша шаруашылық бар?

Жауап: алғандар 3 шаруа қожалық, оларды атап өтсем «Ая» шаруа қожалығы, «Эльбрус» шаруа қожалығы.

Сұрақ –Ахметов Н: Осы шаруашылықтан ауданға көмегі бар ма өзі және қандай міндеттемелер бар, сол туралы толығырақ айтып жіберсеңіз?

Жауап: «Ая» шаруа қожалығының міндеті мал бордақылау және жылқы сүтін өңдеу, ал «Эльбрус» жылқы малын бордақылау арқылы етті ұсыну.

Сұрақ –Ускинов Н: осы сіздерден субсидия алған шаруа қожалықтар бар, солармен бірігіп неге ауыл шаруашылығы күнін ұйымдастырмасқа?

Жауап: Сіз айтқан шараны ұйымдастыруға болады, бірақ қаражат жоқ бізде.

Ұсыныс


1. Аудан бойынша құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және мал ұрлығы жөнінде атқарған жұмыстары туралы аудандық полиция бөлімінің орынбасары М.Ахметовтың баяндамасы еске алынсын. Көшелерде жүру ережесі және кептелістерді азайту үшін Төленов, Құрылысшылар және Жармағамбетов көшелерін бір бағытта жүру ережесіне көшу жөнінде ұсынысқа Қарауылкелді ауылдық округпен бірлесіп жұмыс жасау және де аудандық полиция бөліміне қызметтік автокөліктің жетіспеуіне орай қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылдансын
2. Қарауылкелді ауылдық округ әкіміне С.Жиенбаев пен Ешбаев көшелерінде лас су төгетін цистерна орнату ұсынылсын.
3. Ауылшаруашылық күнін ұйымдастыру ұсынылсын.

Төраға



Б.Тажімұратов

Хатшы



А.Биржарова